



Абай ҒЗИ-да Абай күнінде өткен конференция

Абай күніне орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде де рухани-мәдени іс-шаралар өткізілуде. Осындай маңызды шараның бірі – 10 тамызда өткен ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырған «**АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ІЛІМІ**» атты үшінші халықаралық конференция болды. Конференция мақсаты – қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың шығармашылық мұрасы мен ілімін заманауи ғылыми парадигмалар тұрғысынан қарастыру. Конференцияны ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Хайдар Сулейманұлы ТАСИБЕКОВ кіріспе сөзімен ашты.

Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор Жанғара Дәдебайұлы Абай ғылыми-зерттеу институтында гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер бағыты бойынша орындалып жатқан «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» (2020-2022) тақырыбында ғылыми жобасы аясында негізделген «**АБАЙ ТАКСОНОМИЯСЫ**» ғылыми қағидасы жөнінде баяндама жасады.

Абай ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, профессор Қансейіт Әбдезұлының «Абай поэмаларының көркемдік дәстүрі және қазақ дастандары» атты баяндамасында қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрін ғылыми тұрғыдан пайымдау жасалды.

Конференцияда Баку славян университетінің профессоры, ф.ғ.д Низами Мамедов ТАГИСОЙ (ӘЗІРБАЙЖАН), Дж. Вашингтон университеті жанындағы Abai Center қазақ мәдениеті орталығының үйлестірушісі Ертай СҰЛТАН баяндама жасады.

Әл-Фараби атындағы кітапхана директоры Ақбөпе Бердиевна СИКИНБАЕВА «Introduction of The Anthology of Abai Studies at Al-Farabi Library web site (Абайтану антологиясын әл-Фараби кітапханасы базасында таныстыру)» атты баяндамасында Абай ҒЗИ мен Фараби кітапханасының бірлескен «Абайтану антологиясы» жобасын таныстырды.

Конференция барысында Абай ҒЗИ вебсайтынан электронды көрмелер («Абай Құнанбаев өмірі мен шығармашылығы», «Абайдың таңдамалы даналық сөздері», «Абай әндері» бейнекөрінісі) көрсетілді. Конференция модераторы – Абай ҒЗИ-дың жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты Ләйла Мұсалы «**Абай ғылыми-зерттеу**

институты: Абайтану саласындағы жетістіктер» (Абай ҒЗИ вебсайтынан электронды көрмесінен) баяндама-презентация жасады. Сондай-ақ, Абай ҒЗИ-дың ғылыми жобасы нәтижелерінің бірі ретінде **«АБАЙДЫҢ КІСІЛІК КОДЕКСІ»** оның мазмұны мен маңызы туралы үш тілде презентация көрсетілді.

Конференцияда Абайдың шығармашылық тұлғасы және тағылымы, шығармашылық мұрасының ерекшелігі, Абайдың ілімінің негізгі ұстанымдарын саралау, Абайдың шығармашылық мұрасы мен ілімінің қазіргі руханияттағы орны мен маңызы мәселелері сөз болды. Конференцияға Қазақстан Жазушылар Одағының проза Кеңесінің төрағасы Қуандық Түменбай, қазақстандық белгілі ғалымдар Д.Ысқақұлы, З-Ғ.Бисенғали, А.Ісімақова, Ә.Тарақов, А.Жақсылықов, Қ.Мәдібай, Т.Есембеков, Р.Әбдікұлова, С.Жусанбаева, А.Мәуленов, Л.Мұсалы, Н.Алдабек, А.Қартаева, М.Аймағамбетова, Г.Искаковалар, сондай-ақ ҚазҰУ докторанттары мен магистранттары қатысты. Көрнекті ғалымдардың тәлімі мол баяндамалары жас зерттеушілер үшін пайдалы болды.

Л.Ж. Мұсалы,
Б.Д. Даутова